

## Көшпелі кедендік тексеру актісінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 11 шілдедегі № 436 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 12 шілдеде № 34728 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 418-бабы 21-тармағының 1-бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Көшпелі кедендік тексеру актісінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*М. Такиев*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2024 жылғы 11 шілдедегі  
№ 436 бұйрықпен  
бекітілген  
нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Мемлекеттік кірістер  
органының басшысы  
(оны алмастыратын адам)

(тегі, аты, әкесінің аты  
(ол болған жағдайда))

(колы) (күні)

№ \_\_\_\_\_ көшпелі кедендік тексеру актісі

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
(жасалған күні) (тексеру жүргізу орын)

---

(тексеру жүргізген мемлекеттік кірістер органының атауы)

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 331, 332-бабына және "Қазақстан

Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 416, 417-бабына сәйкес,

---

(тағайындау негізі)

---

(көшпелі кедендік тексерудің жүргізу туралы нұсқаманың күні және нөмірі) \_\_\_\_\_ негізінде

Лауазымды адамдар:

---

(көшпелі кедендік тексеру жүргізген мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда))

---

(тексерілетін адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) не толық атауы, тексерілетін тұлғаның тұрғылықты жері және қызметін нақты жүзеге асыратын жері , оның жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН))

---

(тексерілетін тұлғаның банктік шоттарының деректемелері)

---

(тексерілетін тұлға басшысының және оның кедендік және қаржылық есептілікті жүргізуге, мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік төлемдерді, салықтарды , арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеуге жауапты лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) \_\_\_\_\_ қатысты \_\_\_\_\_ жүргізді.

(көшпелі кедендік тексерудің түрін көрсету: жоспардан тыс, қарсы, кешенді)

---

көшпелі кедендік тексеруге қатысу үшін тартылған лауазымды адамдардың (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тексерілетін кезең 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ бастап 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ дейін.  
Тексерілген, оның ішінде тексерілетін тұлға ұсынған құжаттар туралы мәліметтер:

---

(тексеру кезеңіне жататын тексерілген құжаттардың түрлері және тізбесі)

Көшпелі кедендік тексеру 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ басталды және  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ аяқталды.

Көшпелі кедендік тексеруді тоқтату кезеңі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_  
бастап 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ дейін.

Көшпелі кедендік тексеруді ұзарту кезеңі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_  
бастап 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ дейін.

Кедендік бақылау нысандары және көшпелі кедендік тексеру барысында  
жүргізілген өзге де іс-қимылдар туралы мәліметтер:

---

Алдыңғы тексеру және Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе)

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұрын анықталған  
бұзушылықтарды  
жою бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер:

---

Тексеру барысында анықталды:

---

(Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының, Қазақстан  
Республикасының кеден және (немесе) өзге де заңнамасының ережелері көрсетіле  
отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының, Қазақстан  
Республикасының кеден және (немесе) өзге де заңнамасының бұзылуын  
куәландыратын, анықталған фактілердің егжей-тегжейлі сипаттамасы не олардың  
жоқ

екені туралы мәліметтер)

Кедендік тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдар:

---

Қосымша: \_\_ парақта

Көшпелі кедендік тексеруді жүргізген лауазымды адамдар:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Көшпелі кедендік тексеру актісінің бірінші данасы кедендік тексеру материалдарына

тіркеледі, актінің екінші данасы есептерді қоса бере отырып, көшпелі кедендік тексеру

аяқталған күннен күнтізбелік бес күннен кешіктірілмей Кодекстің 416-бабында белгіленген тәртіпте тексерілетін тұлғаға жолданады немесе табыс етіледі.

Көшпелі кедендік тексеру жүргізу актісінің екінші данасын алдым:

---

актінің екінші данасын алған адамның лауазымы, (қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Көшпелі кедендік тексеру жүргізу актісінің екінші данасы тексерілетін тұлғаға жөнелтілді

---

(жөнелту және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (актінің екінші данасы табыс етілген күн)

Келісілді: \_\_\_\_\_

---

(көшпелі кедендік тексеру жүргізген лауазымды адамдардың тікелей басшысының тегі,

аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы))

Тексерілетін тұлғаның кедендік тексеру нәтижелерімен келіспейтіні

туралы белгісі: \_\_\_\_\_